ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

3 сәуір 2023 жыл № 3115-22-00-2/2254 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Е. Қалымханов, сот отырысының хатшысы А. Мырзакулова қатысуымен сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Т.Рысқұлов ауданының Құлан ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"ShymStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Е. Сейтжапаров, Г. Мурсултанова
Жауапкердің өкілі Б. Махмудов
Мемлекеттік органның өкілі С. Сәлімов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы мен жауапкер арасында 2022 жылғы 22 қарашада № 67 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Оған сәйкес жауапкер 2022 жылғы 10 желтоқсанға дейінгі мерзімде Құлан ауылының Жібек жолы көшесіндегі жаңбыр каналдарын тазалай отырып, ұзындығы 234 метр болатын жаңбыр су ағатын науаларды және 160 метрлік тас төсемдер (брусчатка) төсеу жұмыстарын орындауға міндеттенді.

Шарттың сомасы 3 853 500 теңгені құрады. Шарттың қолданылу мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Жауапкер міндеттемелерді орындамады.

Құрылыс материалдарын жауапкер құрылыс объектіге тек 2022 жылдың 26 желтоқсанында әкелгені анықталды.

Жауапкер 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін тек тереңдігі 60 сантиметр және ұзындығы 15 метр траншея қазу жұмыстарын жүргізді.

Талап қоюшы құрылыс материалдары үшін 1 672 946 теңге мөлшерінде соманы төледі.

Шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің міндеттемелерді орындамауы жағымсыз салдарға әкеп соқтырғанын түсіндірді. Ауыл халқы, оның ішінде балалар, осы уақытқа дейін тротуардың қазылған учаскелерін айналып өтіп, автожолдың жүріс бөлігімен жүруге мәжбүр екендігін айтты. Бұл халықтың әлеуметтік наразылығын тудырды деп хабарлады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келіспей, қарсы пікірде көрсетілген негіздер бойынша, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот АПК-нің 56-бабына сәйкес қорытынды беру үшін "Т.Рысқұлов атындағы ауданның сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін тартты.

Осы бөлімнің өкілі, сотқа ешқандай ауа-райы жағдайлары (қатты желден басқа) төсеніштер мен науаларды төсеуге кедергі бола алмайтынын түсіндірді. Жылдың кез келген уақытында мұндай жұмыстарды жүргізуге ешқандай шектеулер жоқ екендігін айтты. Сонымен қатар, Қазгидромет анықтамаларына сәйкес ауа температурасы қарашаның аяғында және желтоқсанның басында жылы болғанын мәлімдеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 651-бабының 1-тармағына сәйкес құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.

АК-нің 349-бабына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Занының (бұдан әрі - Зан) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 07.04.2023

Заңды күшіне ағаңы күні: 01.06.2023 сұрыз Калымханов Е. А., 07.06.2023

115-22-3-1/2690

жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Занының 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Жоғарыда айтылғандай, жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған.

Сот, талап қоюшының және Т.Рысқұлов атындағы ауданның сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің жұмысты тиісті және уақтылы ұйымдастыра отырып, жауапкердің жұмысты шартта белгіленген мерзімде орындауға мүмкіндігі болғандығы туралы дәлелдерімен келіседі. Алайда, жауапкер өз міндеттеріне жосықсыз қарады.

Мұны құрылыс материалдары тек 2022 жылдың 26 желтоқсанында жеткізілгендігі дәлелдейді, ал келісім шарт бойынша жұмыстардың өзі 2022 жылдың 10 желтоқсанында аяқталуы керек еді.

Осыған байланысты талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылуы тиіс.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны өндіріп алуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы "Т.Рысқұлов ауданының Құлан ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "ShymStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"ShymStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 07.04.2023

Заңды күшіне ауған күні: 01.06.2023 сұлба Калымханов Е. А., 07.06.2023

115-22-3-1/2690

"ShymStroyGroup" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндіріліп алынсын.

Шешімге шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда 7 сәуір 2023 жылы әзірленді.

Судья Е.А. Калымханов

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 07.04.2023

Заңды күшіне ауған күні: 01.06.2023 Судья Калымханов Е. А., 07.06.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
«ТӨРЕЛІК» ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА